

# ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯ СОЦИАЛЬНАЯ ФИЛОСОФИЯ SOCIAL PHILOSOPHY

<https://doi.org/10.31489/2025HPh3/212-220>  
ӘОЖ 17.01

Мақаланың редакцияға түскен күні: 21 ақпан 2025 ж.  
Қабылданған күні: 4 мамыр 2025 ж.

А.Е. Аккулиева\*, Г.Ж. Нұрышева

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
(E-mail: [akkuliyeva\\_assiya@kaznu.edu.kz](mailto:akkuliyeva_assiya@kaznu.edu.kz); [gulzhynan.nuryшева@kaznu.edu.kz](mailto:gulzhynan.nuryшева@kaznu.edu.kz))

## Цифрлық гуманитаристикадағы этика және жауапкершілік: философиялық талдау

Мақалада цифрлық гуманитаристиканың (Digital humanities) негізгі этикалық және философиялық мәселелері қарастырылған. Авторлар жауапкершілік пен бүкіл адамзаттың этикалық принциптеріндегі философиялық негіздерді талдап, цифрлық деректерді пайдалану барысында сыни көзқарастың маңыздылығын атап көрсетеді. Талқыланған мысалдар мен тәсілдер гуманитарлық зерттеулерді цифрландырудың оң және теріс салдарларын көрсетеді және цифрлық дәуірдегі этикалық нормалар мен стандарттарды белгілеу қажеттілігіне баса назар аудара отырып, цифрлық гуманитаристиканың тұрақты және қауіпсіз дамуына ұсыныстар береді. Зерттеудің мақсаты — цифрлық гуманитаристикада қолданылатын негізгі этикалық принциптерді анықтау және оның философиялық негіздерін зерттеу, теориялық парадигмалар мен этикалық нормаларды, тәжірибелерді негіздеудің тәсілдерін талқылау, цифрлық гуманитаристикадағы кемшіліктер мен даму бағыттарын анықтау үшін қолданыстағы тәжірибелерге сыни талдау жүргізу. Авторлар ағымдағы зерттеу бастамаларында этика мен жауапкершілікті арттыру үшін дүниежүзілік тәжірибедегі стратегияларды зерттеп, нақты ұсыныстар жасайды. Мақала цифрлық гуманитаристика саласында жұмыс істейтін ғалымдар, студенттер және практиктер үшін, сондай-ақ технология мен гуманитарлық білімдер тоғысында пайда болған сұрақтарға қызығушылық танытатын кез келген адам үшін пайдалы ресурс болып саналады.

*Кілт сөздер:* цифрлық гуманитаристика, философия, этика, жауапкершілік, даму, қоғам, цифрландыру, жасанды интеллект, киберэтика.

### *Kipicne*

Цифрлық гуманитаристика жаһандық өзгерістер мен цифрландыру контекстінде қоғамымыздың барлық салаларына әсер ететін маңызды зерттеу саласына айналуда. Бай мәдени-философиялық мұрасы бар Қазақстанда цифрлық гуманитаристиканың дамуы заманауи технологияларды пайдалана отырып, мәдени және әлеуметтік құбылыстарды талдау мен түсіндірудің жаңа көзқарастарын ашады.

Цифрлық гуманитаристика гуманитарлық ғылымдарды жаңғыртуға және зерттеу әдістерін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. Ол классикалық гуманитарлық ғылымдарды жаңа деңгейге көтеріп, үлкен деректерді өңдеу және талдау арқылы ауқымды әрі сапалы зерттеулер жүргізуге жол ашады. Мысалы, тарихи құжаттарды цифрландыру, әдеби мәтіндерді автоматтандырылған талдау, немесе мәдени-тарихи құбылыстар арасындағы жасырын байланыстарды анықтау сияқты жұмыстар — осы саланың жемісі. Жасанды интеллект пен машиналық оқыту әдістерін қолдану гуманитарлық зерттеулердің бұрын қол жетпеген нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

Цифрлық гуманитаристика мәдени мұраны сақтау және оны кең аудиторияға қолжетімді ету ісінде маңызды рөл атқарады. Бұл сала ежелгі қолжазбаларды, өнер туындыларын, архитектуралық

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [akkuliyeva\\_assiya@kaznu.edu.kz](mailto:akkuliyeva_assiya@kaznu.edu.kz)

жәдігерлерді және музыкалық мұраларды цифрлық форматта сақтап, оларды келешек ұрпаққа жеткізу үшін жұмыс жасайды. Цифрлық технологиялардың арқасында мәдени мұралар жоғалу қаупінен қорғалып, ғылыми және көпшілікке қолжетімді түрде ұсынылады. Бұл әсіресе тарихи мұраларды қайта қалпына келтіру және цифрлық архивтерді құру үшін ерекше маңызды.

Цифрлық гуманитаристика пәнаралық интеграцияны қамтамасыз етіп, ғылымдардың тоғысында жаңа зерттеу бағыттарын қалыптастырады. Бұл сала мәдениеттану, философия, компьютерлік ғылымдар және статистика сияқты әртүрлі ғылымдардың әдістерін біріктіріп, цифрлық археология, мәдени деректерді талдау және кибермәдениет зерттеулері сияқты жаңа ғылыми бағыттардың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық гуманитаристика әлеуметтік және мәдени мәселелерді шешуге көмектеседі. Цифрлық технологиялардың қоғамға, мәдениетке және тілдерге тигізетін әсерін зерттеу арқылы ол әлеуметтік теңсіздік, цифрлық алшақтық, мәдени әртүрлілік және тілдік мұраны сақтау сияқты мәселелерге жауап табуға тырысады. Әсіресе шағын мәдениеттер мен тілдерді цифрлық ортада қорғау және сақтау цифрлық гуманитаристиканың маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Цифрлық гуманитаристика цифрлық қоғамда мәдениет пен моральдық құндылықтарды нығайту үшін де маңызды. Цифрлық әлемдегі ақпараттың шынайылығын қамтамасыз ету, жеке деректерді қорғау, этикалық стандарттарды сақтау және цифрлық теңсіздік мәселелерін шешу цифрлық гуманитаристиканың негізгі ұстанымдарына жатады. Бұл сала қоғамның цифрлық технологияларға бейімделуіне және жаңа цифрлық шындықта моральдық-этикалық принциптерді ұстануына ықпал етеді. Цифрлық гуманитаристика қазіргі қоғамда білім, ғылым, мәдениет және этика салаларында айрықша рөл атқарады. Ол тек гуманитарлық ғылымдарды жаңғыртумен және жетілдірумен ғана шектелмей, мәдени мұраны сақтауға, әлеуметтік мәселелерді шешуге және цифрлық әлемде адамзаттың құндылықтарын нығайтуға бағытталған маңызды құрал ретінде қалыптасып отыр.

Бұл сала цифрлық құралдардың гуманитарлық ғылымдарды зерттеу тәсілдерін қалай түрлендіретінін, дамытатынын білімнің табиғатына және оны түсіндіруге әсер ететінін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оның дамуымен бірге этика және жауапкершілік мәселелері айрықша маңызға ие болып отыр. Цифрлық технологиялардың кеңінен таралуы жеке деректерді жинау, ақпаратты өңдеу, мәдени мұраны сақтау және оны тарату әдістерінде этикалық принциптерді сақтауды талап етеді. Цифрлық гуманитаристикада этика мен жауапкершілікті зерттеу қажеттілігі жоғары. Ең алдымен, цифрлық гуманитаристикада деректерді жинау және өңдеу мен жасанды интеллект этикасы маңызды орын алады. Цифрлық зерттеулер көбінесе үлкен көлемдегі деректерді пайдаланады, бұл жеке ақпараттың құпиялылығын сақтау мәселесін алдыңғы орынға қояды. Зерттеушілер жеке деректерді қорғау, деректерді әділ және заңды түрде пайдалану сияқты принциптерді сақтау үшін арнайы шаралар қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, деректердің бұрмалануы немесе қате интерпретациясы ғылымға да, қоғамға да зиян келтіруі мүмкін. Бұл мәселе зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыру үшін этикалық нормаларды сақтау қажеттілігін көрсетеді.

#### *Материалдар мен әдістер*

Бұл зерттеуде бірнеше нақты әдістер пайдаланылды. Әдеби шолу әдісі арқылы цифрлық гуманитаристикаға, этикаға және жасанды интеллектіні реттеуге арналған ғылыми мақалалар, кітаптар мен халықаралық нормативтік құжаттар талданды; бұл саладағы қазіргі жағдайды, негізгі ұғымдарды және зерттеу бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Одан бөлек, философиялық-герменевтикалық талдау әдісі қолданылып, И. Кант, Дж. Ролз, М. Сэндел, Аристотель, М. Хайдеггер сияқты ойшылдардың классикалық моральдық-философиялық мәтіндері мен қазіргі заманғы еңбектері зерделеніп, «бұлжымас императив», «әділдік теориясы», «ізгілік этикасы» сияқты ұстанымдар цифрландыру үдерістеріне қатысты қайта интерпретацияланды. Салыстырмалы талдау әдісі арқылы әртүрлі философиялық мектептердің этикалық қағидаттары мен әр елдердегі цифрлық гуманитаристика практикасы салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды; мысалы, Канттың универсализмі мен Ролздың әділеттік теориясын салыстыру нәтижесінде цифрлық әділеттіліктің ортақ және ерекше қырлары көрсетілді. Сонымен қатар мазмұндық талдау әдісі қолданылып, мемлекеттік бағдарламалар, этикалық кодекстер, технологиялық стандарттар және конференция материалдары бойынша мәтіндік контент жүйеленіп, жауапкершілік пен этикаға қатысты тұжырымдар классификацияланды; бұл тәсіл Digital Almaty 2025 форумының материалдары мен интернет-алаяқтық бойынша ресми статистика сияқты дерек көздерін

зерттеуге пайдаланылады. Сараптамалық талдау әдісі арқылы цифрлық гуманитаристика мен этика саласындағы мамандардың пікірлері, халықаралық тәжірибе мен ұсыныстар ескеріліп, жинақталған деректер жан-жақты түсіндірілді; осының нәтижесінде зерттеу қорытындыларының дұрыстығы дәлелденіп, нақты ұсыныстар қалыптастырудың негізі қаланды.

Философияда этика адамның мінез-құлқы мен моральдық қағидаларын зерттейді. Канттың «бұлжымас императиві» бойынша, адамгершілікке негізделген шешімдер әмбебап болуы тиіс, яғни олар кез келген жағдайда барлық адамға бірдей қолданылуы қажет. Бұл қағида цифрлық гуманитаристикада ерекше маңызға ие, әсіресе алгоритмдер мен жасанды интеллектіні жобалау барысында. Жасанды интеллект шешім қабылдау кезінде әділдік, бейтараптық және моральдық жауапкершілік қағидаларын сақтауы тиіс. Егер алгоритм белгілі бір әлеуметтік немесе этникалық топтарға қатысты кемсітушілікке жол берсе, онда ол моральдық тұрғыдан негізсіз және әділетсіз болмақ [1; 147].

Джон Ролздың «Әділдік теориясы» цифрлық дәуірде ақпараттық әділдік қағидастарын ұсынуға көмектеседі. Оның «айырмашылық принципі» қоғамдағы ең осал топтардың мүддесін ескере отырып, ресурстарды әділетті бөлуді талап етеді. Оның теориясы бойынша, цифрлық әлемде әділдік ұғымы бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды: деректерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, алгоритмдердің әділдігі мен транспаренттілігін сақтау, сондай-ақ цифрлық технологиялардың кемсітушілік пен әділетсіздік туғызбауын қадағалауға негізделген [2; 215].

Майкл Сэнделдің «Коммуитаризм» идеялары цифрлық кеңістіктегі әділдік мәселелерін талдауға көмектеседі. Коммуитаризм жеке автономия мен құқықтардан гөрі, қоғам мен қауымдастықтың ортақ құндылықтарын баса көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, ақпараттық әділдік тек жеке тұлғалардың мүддесін қорғаумен шектелмейді, сонымен қатар ол цифрлық ресурстарды қоғам игілігі үшін әділ бөлуге бағытталған [3; 46].

Аристотельдің «Ізгілік этикасы» алгоритмдерді жобалауда жауапкершілікті арттыру қажеттілігін көрсетеді. Бұл этика адамның жақсы қасиеттері мен мінез-құлқына негізделген және моральдық шешімдер жеке жағдайға байланысты икемді болуы тиіс деп тұжырымдайды. Жасанды интеллект жүйелері шешім қабылдағанда, олар адамдардың моральдық қағидаларына сәйкес әрекет етуі тиіс. Алайда, қазіргі технологияларда мұндай қағидалар толықтай жүзеге асырылмаған, өйткені алгоритмдер көбінесе белгілі бір стандартталған ережелер мен деректер жиынтығына сүйенеді, ал адамгершілік қағидастары жағдайға байланысты өзгеріп отырады [4; 215].

Алгоритмдік этиканың негізгі мәселелерінің бірі — машиналардың моральдық шешім қабылдау қабілетінің шектеулігі. Жасанды интеллект жүйелері, мысалы, денсаулық сақтау, құқық қорғау, қаржы және кадрлық басқару салаларында шешім қабылдауда кеңінен қолданылады. Алайда, олардың шешімдері көбінесе объективті емес және алгоритмдерді әзірлеу кезінде енгізілген деректер мен бағдарламалау логикасына тәуелді. Егер бастапқы деректерде кемсітушілік немесе бейтараптықтың жоқтығы байқалса, алгоритмдер бұл әділетсіздікті одан әрі күшейтуі мүмкін.

Тағы бір маңызды аспект — алгоритмдердің транспаренттігі мен есептілігі. Қазіргі уақытта көптеген алгоритмдер «қара жәшік» қағидасы бойынша жұмыс істейді, яғни олардың шешім қабылдау процесі пайдаланушыларға түсініксіз және қолжетімсіз болып қала береді. Бұл әсіресе әлеуметтік маңызды шешімдер қабылдайтын жүйелер үшін үлкен мәселе. Егер жасанды интеллект адамның өміріне тікелей әсер ететін шешімдер қабылдайтын болса, онда ол моральдық жауапкершілік қағидаларын сақтауы тиіс.

Аристотельдің ізгілік этикасы алгоритмдерді жетілдірудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Егер алгоритмдер тек қатал ережелерге емес, моральдық қасиеттер мен контекстке байланысты шешім қабылдай алатын жүйеге негізделсе, олар адамгершілік тұрғысынан әділірек болар еді. Бұл үшін машиналық оқыту модельдері адамның моральдық интуициясы мен қоғамдағы этикалық нормаларды есепке алатын тәсілдерді енгізуі тиіс.

Алгоритмдік этика қазіргі цифрлық дәуірде маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект жүйелерін жобалау барысында әділдік, транспаренттік және моральдық жауапкершілік қағидалары ескерілмесе, технология адамдарға зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан болашақта алгоритмдерді дамытқанда, ізгілік этикасының қағидаларын интеграциялау — этикалық тұрғыдан маңызды міндеттердің бірі.

Мартин Хайдеггер технологияның адамзат болмысына ықпалын «Die Frage nach der Technik» (Техника туралы сұрақ) атты еңбегінде қарастырды. Оның ойынша, технология — тек құрал ғана емес, сонымен қатар адамның дүниені қабылдау тәсілін өзгертетін күш. Технология арқылы біз

әлемді белгілі бір құрылымда көреміз және сол құрылым біздің ойлау жүйемізді, әрекеттерімізді және мәдениетімізді қалыптастырады. Хайдеггердің пікірінше, технологиялық даму бізді жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етсе де, оның бағытын толықтай бақылау біздің қолымызда емес. Бұл цифрлық дәуірде адам еркіндігі мен технология арасындағы қарым-қатынасты қайта қарастыру қажеттілігін тудырады. [5; 78].

### *Нәтижелер және пікірталас*

Цифрлық гуманитаристикадағы негізгі мәселелердің бірі — технологиялық детерминизм және оның адам еркіндігіне әсері. Технологиялық детерминизм идеясы бойынша, технологиялық прогресс қоғамның әлеуметтік құрылымын, мәдениетін және құндылықтарын алдын ала анықтайды. Бұл көзқарас бойынша, цифрлық технологиялар адамдардың мінез-құлқын айқындап, олардың шешім қабылдау еркіндігін шектей алады. Мысалы, жасанды интеллектінің ұсыныс жүйелері біздің ақпараттық кеңістігімізді қалыптастырып, қандай мазмұнды тұтынатынымызды анықтайды, ал алгоритмдік басқару жұмысқа орналасу немесе несие беру сияқты маңызды шешімдерді реттей алады. Осылайша, адам өз еркіндігін сақтап отыр ма, әлде технологиялардың ықпалымен алдын ала белгіленген таңдау жасай ма деген сұрақ туындайды.

Бұл тұрғыда цифрлық гуманитаристикадағы жауапкершілік технологиялық прогресті адамгершілік құндылықтарға сай бағыттауды қарастырады. Егер технология адамдардың шешім қабылдау мүмкіндігін шектеп, оларға таңдау еркіндігінен гөрі бақылау механизмдерін ұсынса, онда ол этикалық тұрғыдан қауіпті болмақ. Сол себепті технологияны дамытқанда оның адамға тигізетін ықпалын үнемі бағалап, адамның еркіндігін шектемей, керісінше, кеңейтетін мүмкіндіктер жасау қажет.

Гуманитарлық ғылымдар мен философия бұл үдерісте маңызды рөл атқарады. Технологияны тек техникалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар мәдени, әлеуметтік және моральдық контексте қарастыру қажет. Цифрлық гуманитаристика технологияны адамның игілігіне бағыттаудың жолдарын іздей отырып, оны бақылауда ұстауға, жауапкершілік шеңберінде дамытуға және әділеттілікті қамтамасыз етуге тырысады.

Хайдеггердің концепциясы қазіргі цифрлық дәуірде маңызды мәнге ие. Адамзат технологияны толық бақылауға ала алмаса да, оның даму бағытын моральдық құндылықтарға сәйкес реттей алады. Цифрлық гуманитаристика осы үдерісті зерделеп, технология мен адам еркіндігінің үйлесімін қамтамасыз етуге ұмтылады. Цифрлық гуманитаристикадағы этика мен жауапкершілік мәселелері философиялық тұрғыдан маңызды талдау объектісі болып саналады. Канттың универсализм қағидасы, Ролздың әділдік теориясы және Аристотельдің ізгілік этикасы цифрлық кеңістіктегі моральдық нормаларды анықтауға көмектеседі. Цифрлық гуманитаристика адамзат өркениетінің жаңа парадигмасын қалыптастырып жатқандықтан, оның этикалық негіздерін бекіту — болашақтағы тұрақты дамудың басты шарттарының бірі.

Цифрлық гуманитаристикада ақпараттық әділеттіліктің бірнеше маңызды аспектілері бар. Ол ақпаратқа тең қолжетімділік — заманауи қоғамдағы негізгі этикалық сұрақтардың бірі. Цифрлық технологиялардың дамуы білімге, мәдениетке және түрлі ресурстарға қолжетімдікті кеңейтті, алайда бұл қолжетімдік адамдардың бәріне бірдей емес. Әлеуметтік-экономикалық теңсіздік, инфрақұрылымдық шектеулер және білім деңгейіндегі алшақтық кейбір адамдарды цифрлық әлемнен шеттетеді. Ақпараттық әділдік қағидаттары бұл теңсіздікті жоюға және цифрлық технологияларды инклюзивті етуге бағытталуы тиіс [6; 127].

Жеке деректерді қорғау — цифрлық кеңістіктегі әділеттіліктің ажырамас бөлігі. Қазіргі уақытта көптеген платформалар мен компаниялар пайдаланушылардың жеке мәліметтерін жинап, оларды коммерциялық немесе саяси мақсаттарда пайдаланады. Бұл мәселе ақпараттық әділеттілік тұрғысынан жеке өмірге қол сұқпау және пайдаланушылардың өз деректеріне бақылау жасау құқығы сияқты маңызды аспектілерді қамтиды. Көптеген елдерде деректерді қорғау заңдары қабылданғанымен, оларды толыққанды орындау және халықаралық деңгейде үйлестіру мәселелері әлі де өзекті болып отыр.

Деректердің меншік құқығы мен олардың қолданылуы туралы сұрақтар цифрлық гуманитаристикада ерекше орын алады. Деректер кімге тиесілі? Олар қалай және қандай мақсатта қолданылуы тиіс? Егер бір жеке тұлғаның немесе қоғамның мәліметтері ірі технологиялық корпорациялардың меншігіне айналса, бұл әділ ме? Мұндай сұрақтар әділеттіліктің жаңа өлшемдерін талап етеді. Деректердің әділ бөлінуі мен пайдаланылуы, сондай-ақ оларды жинау мен өңдеудегі

ашықтық цифрлық гуманитаристика үшін басты мәселелердің бірі болып қала береді. Ақпараттық әділеттілік цифрлық дәуірдегі негізгі этикалық қағидаттардың бірі ретінде жеке және қоғамдық мүдделер арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған. Ақпаратқа қолжетімділік, жеке деректерді қорғау және деректердің әділ бөлінуі сияқты мәселелер қазіргі заманғы цифрлық этиканың ажырамас бөлігі болып саналады. Бұл қағидаттарды сақтау технологияның қоғамға қызмет етуін қамтамасыз етеді және әділетті цифрлық орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Моральдық философияның қағидаттары цифрлық технологиялардың дамуы барысында маңызды рөл атқарады. Этика мен әділеттік қағидаттарын ескере отырып жасалған цифрлық жүйелер қоғамдағы теңдік пен сенімділікті нығайтуға ықпал етеді. Цифрлық гуманитаристика осы міндеттерді зерттеп, технология мен адамгершілік құндылықтардың үйлесімін қамтамасыз етуге ұмтылады. [7].

Цифрлық гуманитаристикадағы этика мен жауапкершілікті зерттеу — қазіргі заманның маңызды міндеттерінің бірі. Бұл салада этикалық нормаларды сақтау ғылыми жұмыстың сапасын арттырып қана қоймай, қоғамның цифрлық технологияларға деген сенімін нығайтады. Этикалық мәселелерді ескеру арқылы цифрлық гуманитаристика қоғамның мәдени және ғылыми құндылықтарын сақтауға, әділеттілік пен жауапкершілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Цифрлық гуманитаристикада авторлық құқық және интеллектуалдық меншік мәселелері де ерекше маңызға ие. Мәдени мұраны цифрландыру кезінде шығармашылық еңбектің түпнұсқа авторларын мойындау және олардың құқықтарын қорғау қажеттілігі туындайды. Цифрлық форматтағы деректердің таралуы олардың заңсыз қолданылу мүмкіндігін арттырады. Осыған байланысты, зерттеушілер авторлық құқықтарды сақтау мен интеллектуалдық меншікті қорғауға бағытталған этикалық ережелерді ұстануы тиіс [8; 215].

Цифрлық гуманитаристикада зерттеулердің нәтижелерін әділ пайдалану мәселесі де маңызды. Цифрлық технологиялар арқылы алынған ғылыми нәтижелер кейде манипуляция жасау немесе жалған ақпарат тарату мақсатында теріс қолданылуы мүмкін. Бұл ғылыми этиканың бұзылуына және қоғамдық сенімнің төмендеуіне әкеледі. Зерттеушілердің цифрлық технологияларды қолдану барысында жауапкершілік танытуы, өз зерттеулерінің әлеуметтік салдарын ескеруі маңызды [9; 169].

Цифрлық гуманитаристикадағы этиканы зерттеу пәнаралық әдісті талап етеді. Деонтология, утилитаризм және философия этика тұрғысынан мәселелерді талдау зерттеушілерге этикалық шешімдер қабылдау барысында терең түсінік береді. Сонымен бірге, цифрлық гуманитаристикада халықаралық стандарттар мен нормаларды сақтау қажеттілігі туындайды. Мысалы, жеке деректерді қорғауға арналған заңдар мен этикалық кодекстер зерттеулердің әділ және жауапты түрде жүргізілуін қамтамасыз етуге көмектеседі [10; 12].

Сонымен қатар қазіргі қоғамда жасанды интеллект және автоматтандыру үдерістері терең өзгерістер тудырып, экономикалық, әлеуметтік, философиялық және антропологиялық салаларға айтарлықтай ықпал етуде [11; 45]. Соңғы алпыс жыл ішінде ақпараттық технологиялардың дамуы қоғамды интернет, үлкен деректер, суперкомпьютерлер, сенсорлық желілер, ми туралы ғылым және басқа да инновациялық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен пайдалануға мәжбүр етті. Ғылыми-техникалық прогресс, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың өзгеруі жасанды интеллектінің дамуына алғышарттар жасады. Бүгінгі таңда жасанды интеллект әдістері әртүрлі салаларға еніп, технологиялық жаңалықтарға жол ашуда.

Жасанды интеллект білім беру, денсаулық сақтау, ауылшаруашылық, әлеуметтік басқару, қоршаған ортаны қорғау, қалалық және кеңістіктік жоспарлау, құқық қорғау және сот жүйелерінде кеңінен қолданылып, адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді [12]. Бұл технологиялар инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандардың жағдайын дәл анықтап, болжам жасап, алдын алу шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект адамдардың топтық мінез-құлқы мен психологиялық көңіл-күйіндегі өзгерістерді болжай отырып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Алайда, жасанды интеллектінің дамуы көптеген шешілмеген мәселелерді, соның ішінде цифрлық кеңістіктегі этика мен жауапкершілікке қатысты сұрақтарды туындатады. Киберэтика немесе цифрлық этика — бұл философиялық бағыт, ол компьютерлер мен ақпараттық технологияларды пайдалану этикасын зерттейді. Киберэтика жеке деректердің құпиялылығы, жалған ақпараттан қорғау, ақпараттық ресурстардың қолжетімдігі, интеллектуалдық меншік құқықтары және деректер қауіпсіздігі мәселелерін қамтиды.

Цифрлық технологиялардың кең таралуына байланысты мемлекеттер өздерінің этикалық міндеттемелері мен әлеуметтік жауапкершілігін қарастыруы қажет. Мысалы, «Цифрлық Қазақстан»

мемлекеттік бағдарламасында арнайы этикалық бөлім қарастырылмаған. Бағдарлама негізінен елдің цифрлық инфрақұрылымын дамытуға, экономиканы цифрландыруға және халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Дегенмен, цифрлық технологияларды енгізу барысында этикалық мәселелерді ескеру маңызды. Цифрлық қызметтер әділ, инклюзивті және әлеуметтік пайдалы болуы тиіс. Сонымен қатар, цифрлық сенім ұйымдардың брендтік құндылығы мен нарықтық беделінің маңызды факторы ретінде қарастырылады. Сондықтан білім беру ордаларында, ғылыми институттарда, мемлекеттік мекемелерде, компанияларда цифрлық этика мәдениетін қалыптастыру, қызметкерлерді әділдік, қауіпсіздік және моральдық жауапкершілік қағидаттарына сай жұмыс істеуге үйрету маңызды [13].

Цифрлық гуманитаристикадағы этика қоғамның әлеуметтік, саяси және моральдық құрылымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) қоғам мен қоршаған ортаға тигізетін әсерін зерттеу цифрлық этиканың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Жасанды интеллект этикасы — бұл технологияларды әзірлеу және пайдалану кезінде моральдық нормаларды сақтауға бағытталған қағидаттар мен әдістер жиынтығы. Жасанды интеллектіге қатысты этикалық мәселелер, әсіресе автономды жүйелердің адам өміріне ықпалы, робоэтика және алгоритмдердің әлеуметтік әділеттілігі тұрғысынан қарастырылуы қажет [14].

Алгоритмдер қазіргі заманғы әлеуметтік инфрақұрылымның негізіне айналып, жеке және қоғамдық өмірімізге тікелей ықпал етеді. Үлкен деректердің өсуі мен есептеу технологияларының жетілдірілуіне байланысты алгоритмдер деректерді өңдеу мен талдаудың қуатты құралына айналды. Алайда, олар этикалық тұрғыдан бейтарап емес, өйткені алгоритмдер арқылы жасалған шешімдер әділетсіздікке немесе дискриминацияға әкелуі мүмкін [15].

Алматыда өткен Digital Almaty 2025 (31 қаңтар — 1 ақпан) форумында жасанды интеллектінің (ЖИ) этикасы мен жауапкершілігіне ерекше назар аударылды. «ЖИ және адам: қауіп пе, игілік пе?» атты панельдік сессияда жетекші мамандар ЖИ-дің этикалық, қауіпсіздік және реттеу мәселелерін талқылады. Сарапшылар ЖИ-дің артықшылықтары мен ықтимал қатерлерін, оның ішінде дербес деректердің құпиялылығын бұзу қаупін атап өтті. Мысалы, 2024 жылы қазақстандықтар интернеттегі алаяқтық салдарынан 45 млрд теңге жоғалтқан, оның 98 %-ында жеке деректерін өз еркімен берген [16].

ЖИ-дың қарқынды дамуы оның этикалық және әлеуметтік аспектілерін мұқият қарастыруды талап етеді. Digital Almaty 2025 форумы осы мәселелерді талқылауға және ЖИ-ді жауапкершілікпен енгізу жолдарын іздеуге арналған маңызды алаң болды.

Жасанды интеллектінің этикалық қағидаларын мемлекеттік басқару, «ақылды қала» жүйелері, цифрлық әкімшілік процестер мен қоғамдық инфрақұрылымға енгізу ерекше маңызға ие. Мысалы жасанды интеллектінің қауіпсіздігі мен қоғамдық жауапкершілігін қамтамасыз ету үшін ол этикалық стандарттарға сәйкес дамытылуы тиіс. Цифрлық платформалар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеуші компаниялар үшін этикалық нормаларды сақтау басымдыққа айналуы керек. Жасанды интеллект негізіндегі технологиялар азаматтардың сенімін нығайтып, басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға және жоғары технологиялық өндірісті дамытуға бағытталуы тиіс.

### *Қорытынды*

Цифрлық гуманитаристика мен моральдық философияның тоғысында этика, әділеттілік және адам еркіндігі мәселелері өзекті бола түсуде. Ақпараттық әділеттілік, алгоритмдік шешімдердегі моральдық жауапкершілік және технологияның адам болмысына ықпалы — қазіргі заманның басты философиялық және практикалық сұрақтарының бірі.

Қазіргі цифрлық кеңістікте әділеттілік қағидаттарын сақтау — маңызды міндеттердің бірі. Деректерге тең қолжетімділік, жеке мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз ету және технологиялардың әділдігін сақтау қоғамның тұрақты дамуы үшін қажет. Ақпараттық технологиялар адам өмірін жеңілдеткенімен, олардың дұрыс қолданылмауы әлеуметтік теңсіздікті арттыруы мүмкін. Сондықтан цифрлық ресурстарды әділ бөлу және олардың ашықтығын қамтамасыз ету басты қағидаттар ретінде қарастырылуы тиіс.

Алгоритмдік шешімдерде моральдық өлшемдерді ескеру ерекше маңызға ие. Көптеген жасанды интеллект жүйелері шешім қабылдау барысында объективті болып көрінгенімен, олар бастапқы деректер мен бағдарламалауда жіберілген қателіктерге тәуелді. Осыған байланысты алгоритмдердің ашықтығы мен есептілігі күшейтілуі керек. Жауапкершілік принциптерін сақтамайтын жүйелер әділетсіздік пен әлеуметтік шиеленістердің көзіне айналуы мүмкін.

Технологиялық дамудың қарқынды жүруі адамның еркіндігі мен шешім қабылдау мүмкіндіктеріне тікелей әсер етеді. Қазіргі заманғы технологиялар тек құрал ғана емес, сонымен қатар адамның өмір сүру салтын, ойлау жүйесін және болмысты қабылдау тәсілін өзгертетін күшке ие. Бұл жағдайда технологияны басқару мен оны дұрыс бағытта дамыту — қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Цифрлық гуманитаристикадағы этика мен ақпараттық әділеттік қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Ақпаратқа тең қолжетімдік, жеке деректерді қорғау, деректердің әділ бөлінуі және интеллектуалдық меншік құқықтарының сақталуы цифрлық әлемдегі әділеттікті қамтамасыз етудің негізгі аспектілері саналады. Жасанды интеллект пен алгоритмдер адам өміріне айтарлықтай ықпал етіп, әлеуметтік құрылымдарды өзгертуде. Алайда, бұл технологиялардың дамуы жаңа моральдық және құқықтық сұрақтарды тудырады, әсіресе дербес деректердің құпиялылығы мен этикалық шешімдерді қабылдау мәселелері өзекті болып отыр.

Жасанды интеллектінің жауапкершілікпен дамытылуы және оның адамзат мүддесіне сай қолданылуы маңызды. Осыған байланысты цифрлық этика қағидаттарын сақтау және технологиялардың әділетті дамуын қамтамасыз ету цифрлық гуманитаристика саласының басты міндеттерінің бірі болып қала береді. Бұл қағидаттар болашақта цифрлық қоғамның тұрақты және инклюзивті дамуына ықпал етіп, адам мен технологияның үйлесімді өзара әрекеттесуін қалыптастыруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, цифрлық гуманитаристика моральдық және әлеуметтік қағидаттарды сақтау арқылы технологиялық дамудың адам игілігіне қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс. Этика, әділеттік және жауапкершілік қағидаттарын ұстану — цифрлық дәуірде тұрақты және үйлесімді қоғам құрудың басты шарты.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кант И. Основы метафизики нравственности / И. Кант; пер. с нем. — М.: Академический проект, 2020. — 224 с.
- 2 Ролз Дж. Теория справедливости / Дж. Ролз; пер. с англ. — М.: Новое издательство, 2020. — 560 с.
- 3 Сандел М. Либерализм и границы справедливости / М. Сандел; пер. с англ. — М.: Издательство Института Гайдара, 2019. — 272 с.
- 4 Аристотель. Никомахова этика / Аристотель; пер. с древнегреч. — М.: Эксмо, 2021. — 416 с.
- 5 Хайдеггер М. Вопрос о технике / М. Хайдеггер; пер. с нем. — СПб.: Высшая религиозно-философская школа, 1993. — 128 с.
- 6 Floridi L. The Ethics of Information / L. Floridi. — Oxford University Press, 2013. — 256 p.
- 7 Bynum T.W. Computer and Information Ethics [Electronic resource] / T.W. Bynum // Stanford Encyclopedia of Philosophy, — 2008. — Access mode: <https://plato.stanford.edu/entries/ethics-computer/>.
- 8 Terras M. Defining Digital Humanities: A Reader / M. Terras, J. Nyhan, E. Vanhoutte. — Ashgate, 2013. — 480 p.
- 9 Bod R. A New History of the Humanities: The Search for Principles and Patterns from Antiquity to the Present / R. Bod. — Oxford University Press, 2013. — 400 p.
- 10 UNESCO. Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence / UNESCO. — 2020. — 48 p.
- 11 Blommaert T. The Fourth Industrial Revolution and Business / T. Blommaert, S. Brook. — Moscow: Alpina Publisher, 2019. — 204 p.
- 12 Ethical and Social Implications of AI. Digital Ethics Lab, Oxford Internet Institute [Electronic resource]. — Access mode: <https://digitalethicslab.oii.ox.ac.uk/esiai-ethical-and-social-implications-of-ai/>
- 13 Adilet. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Заң жобасы. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
- 14 Deloitte. Owning Digital Responsibility and Ethics. Future of Risk in the Digital Era. — [Electronic resource]. — Access mode: <https://www2.deloitte.com/us/en/pages/advisory/articles/digital-ethics.html>
- 15 Henshall A. What is Digital Ethics? [Electronic resource] / A. Henshall. — Access mode: <https://www.process.st/digital-ethics/>
- 16 Целиноград ауданының әкімдігі. Целиноград ауданының баспасөз хабарламасы. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-selinograd/press/news/details/686686>

А.Е. Аккулиева, Г.Ж. Нурышева

**Этика и ответственность в цифровой гуманитаристике: философский анализ**

В статье рассматриваются ключевые этические и философские проблемы цифровой гуманитаристики (Digital humanities). Авторы анализируют философские основы ответственности и этических принципов, лежащих в основе человеческой деятельности, подчеркивая важность критического подхода при использовании цифровых данных. Представленные примеры и методологические подходы демонстрируют как позитивные, так и негативные последствия цифровизации гуманитарных исследований, а также подчеркивают необходимость установления этических норм и стандартов в цифровую эпоху. В работе предлагаются рекомендации, способствующие устойчивому и безопасному развитию цифровой гуманитаристики. Цель исследования — выявить основные этические принципы, применяемые в цифровой гуманитаристике, и изучить их философские основания, включая теоретические парадигмы, этические нормы и методы обоснования практик. Для выявления недостатков и направлений развития цифровой гуманитаристики проводится критический анализ существующих практик. Авторы изучают мировые стратегии, направленные на повышение уровня этики и ответственности в современных исследовательских инициативах, и формулируют конкретные рекомендации. Статья представляет ценность для ученых, студентов и практиков, работающих в сфере цифровой гуманитаристики, а также для всех, кто интересуется вопросами, возникающими на пересечении технологий и гуманитарного знания.

*Ключевые слова:* цифровая гуманитаристика, философия, этика, ответственность, развитие, общество, цифровизация, искусственный интеллект, киберэтика.

A.E. Akkulyeva, G.Zh. Nuryшева

**Ethics and Responsibility in Digital Humanities: A Philosophical Analysis**

This article examines the key ethical and philosophical issues in digital humanities. The authors analyze the philosophical foundations of responsibility and ethical principles underlying human activity, emphasizing the importance of a critical approach in the use of digital data. The discussed examples and methodological approaches illustrate both positive and negative effects of digitizing humanities research. The article highlights the necessity of establishing ethical standards and norms in the digital era and provides recommendations for ensuring the sustainable and secure development of digital humanities. The research aims to identify the fundamental ethical principles applied in digital humanities and explore their philosophical foundations, including theoretical paradigms, ethical norms, and approaches to justifying practices. A critical analysis of existing practices is conducted to determine shortcomings and development directions in this field. The authors investigate global strategies for enhancing ethics and responsibility in contemporary research initiatives and offer specific recommendations. This article serves as a valuable resource for scholars, students, and practitioners in digital humanities, as well as for anyone interested in the emerging questions at the intersection of technology and the humanities.

*Keywords:* Digital humanities, philosophy, ethics, responsibility, development, society, digitalization, artificial intelligence, cyberethics.

**References**

- 1 Kant, I. (2020). *Osnovy metafiziki нравственности* [Groundwork of the Metaphysics of Morals]. (Translated from German). Moscow: Akademicheskii proekt [in Russian].
- 2 Rawls, J. (2020). *Teoriia spravedlivosti* [A Theory of Justice]. (Translated from English). Moscow: Novoe izdatelstvo [in Russian].
- 3 Sandel, M. (2019). *Liberalizm i granitsy spravedlivosti* [Liberalism and the Limits of Justice]. (Translated from English). Moscow: Izdatelstvo Instituta Gaidara [in Russian].
- 4 Aristotle. (2021). *Nikomakhova etika* [Nicomachean Ethics]. (Translated from Ancient Greek). Moscow: Eksmo [in Russian].
- 5 Heidegger, M. (1993). *Vopros o tekhnike* [The Question Concerning Technology]. (Translated from German). Moscow: Vysshiaia religiozno-filosofskaia shkola [in Russian].
- 6 Floridi, L. (2013). *The Ethics of Information*. Oxford University Press.
- 7 Bynum, T. W. (2008). Computer and information ethics. The Stanford Encyclopedia of Philosophy. Stanford University. *plato.stanford.edu*. Retrieved from <https://plato.stanford.edu/entries/ethics-computer/>
- 8 Terras, M., Nyhan, J., & Vanhoutte, E. (2013). *Defining Digital Humanities: A Reader*. Ashgate.
- 9 Bod, R. (2013). *A New History of the Humanities: The Search for Principles and Patterns from Antiquity to the Present*. Oxford University Press.

- 10 UNESCO. (2020). Recommendation on the ethics of artificial intelligence. *unesdoc.unesco.org*. Retrieved from <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137>
- 11 Blommaert, T., & Brook, S. (2019). *The Fourth Industrial Revolution and Business*. Moscow: Alpina Publisher.
- 12 Digital Ethics Lab, Oxford Internet Institute. (n.d.). Ethical and social implications of AI. *digitaethicslab.oii.ox.ac.uk*. Retrieved from <https://digitaethicslab.oii.ox.ac.uk/esiai-ethical-and-social-implications-of-ai/>
- 13 (2017). Adilet. Qazaqstan Respublikasynyn «Tsifirlyq Qazaqstan» memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly. Zan zhobasy [On approval of the state program of the Republic of Kazakhstan «Digital Kazakhstan». Draft law]. (n.d.). *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> [in Kazakh].
- 14 Deloitte. (n.d.). Owning digital responsibility and ethics: Future of risk in the digital era. *deloitte.com*. Retrieved from <https://www2.deloitte.com/us/en/pages/advisory/articles/digitaethics.html>
- 15 Henshall, A. (n.d.). What is digital ethics? Process Street. *process.st*. Retrieved from <https://www.process.st/digital-ethics/>
- 16 (2023). Tselinograd audanynyn akimdigі. Selenograd audanynyn baspasoz khabarlamasy [Akimat of the Tselinograd region. Tselinograd District Press Release]. *gov.kz*. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-selinograd/press/news/details/686686> [in Kazakh].

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Аккулиева Әсия** — докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6050-7389>

**Нұрышева Гүлжихан** — философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6640-8111>

#### Information about the authors

**Akkuliyeva Assiya** — Doctoral Student, Department of Philosophy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-6050-7389>

**Nuryshева Gulzhikhan** — Doctor of Philosophy, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-6640-8111>